

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университеті
Медицина факультеті



Пән аты: *Түркі мемлекеттерінің тарихы*
Портфолио

Тақырыбы: *IX ғ соңы—XI басы аралығындағы
Оғыз мемлекеті*

Орындаған: Берденова Мерей

Тобы: ЖМ-115

Тыңдаушы: Рустамбекова Махаббат

Түркістан 2017

Жоспар

- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім**
 - *Құрылуы*
 - *Шаруашылығы мен мәдениеті*
 - *Жорықтары*
 - *Құлау себебі*
- **Қорытынды**
- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

Бұлғарлар

Құмандар

Қимақтар

Хазарлар

ОҒЫЗ мемлекеті

Янгикент

Сығанак

Дженд

даласы

ОҒЫЗ

Хорезм

Қарахан мемлекеті





- Оғыз мемлекеті (IX-XI ғасырлардың басы). Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз саяси бірлестігі құрылды. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы 10 ғ. оғыз мемлекетінің астанасына айналды.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛУЫ

- ▶ 8 ғ. ортасында түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, Шу алқабына кетеді. Осы жерде олардың «Көне Гузия» деп аталатын ордасы болды. 9 ғ. бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен даласын басып алады. 9 ғ. соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қоластына қаратады. Печенегтермен соғыс олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік берді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ процесс болды. 9 ғ. соңы мен 11 ғ. басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендейді. Оғыздар туралы алғашқы деректер 9-10 ғ. б. араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің еңбегінде айтылады және
- ▶ М. Қашғари мен Марвазидің еңбектерінде кездеседі.

«ОҒЫЗ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

«ОҒЫЗ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

ОҒЫЗ этимологиясының пайда болуы турасында осы уақытқа дейін нақты пікір этнонимі «уыз» сөзінен пайда болды десе, ал екінші біреулер садақтың оғы «оқ» сөзіне көпше мағына беретін «уз» жұрнағы қосылып, «оғыз» сөзінің түбі тотемдік «өгіз» деген сөзден пайда болған деп дәлелдеуге тырысады.

Оғыз тайпалары

. Махмұд Қашғари «Диуани лұғат – ат түрікте» XI ғасырда оғыздарда 22 тайпа болды деп, олардың тізімін береді. Әл-Марвази 12 тайпадан тұрды деген пікірді ұстанады. Келесі бір дерек «Джами ат–Тауарих» оғыздар екі үлкен тайпалық топтан – бұзұқтар мен ұшұқтардан тұрғандығын мәлімдейді.

Басқару жүйесі мен діні

- “Жабғы” атағы бар жоғарғы билеуші. Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік тұрмысы жағынан көне феодалдық мемлекет болды. “Жабғы” атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болып саналды. Оғыз жабғыларының орынбасарларын Көл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер орны мұрагерге беріліп отырған. Оғыз хандарын сайлау кеңестерде өткізілген. Жабғудың “инал” деген атағы бар өз мұрагерлері болған. Жас кезінде оларды тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар (атабектер) тағайындалған. Оғыз жабғыларының әйелдері сарай маңындағы өмірде айтарлықтай рөл атқарған. Оларға “хатун” деген атақ берілген. Сарайда әскери кеңеске сүйенетін оғыз әскерінің бастығы (Сюбашы) маңызды орын алған. Оғыздар мәжусилер болып, ел ішінде бақсы-балгерлер ықпалын жүргізді. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.



Мәдениеті

Оғыз мемлекетінің халқы — **түркі және иран тілінде сөйлеген.**

IX-X ғасырларда Оғыз мемлекетінде ескі рулық-тайпалық институттардың тез ыдырауы жағдайында патриархаттық-феодалдық қатынастар дамыды. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бас кезінде Оғыз елінде алым-салықты тиянақты түрде жинап отыру жүйесі орын алды, бұл – мемлекетте тұрақты басқару аппаратының құрылғанын көрсетеді. Қалалардағы үйлер көбіне тастан, ағаштан, қамыстан тұрғызылды. Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент, Жент, Жуара, ал Сырдарияның орта ағысында Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ және Сауран т. б. қалалары болған. Оларда қолөнер кәсібі, соның ішінде мал өнімдері мен шикізаттарды өңдеу дамыды. Оғыздарда құмырашылық өндірісі де өркендеді. Олар мекендейтін аумақтарда темір, күміс, алтын, мыс және асыл тастар өндірілді.

Оғыз мемлекетінің шаруашылығы

- Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, кәсіпшілік пен қолөнер




*Короглы (Көрөглы) - оғыз
жұртының аңыз бен жырға
айналған батыры - Оның есімі
еуропаға Геракл түрінде
жетті (Жалпы "Гера" және
"гора" және "көр", "кор"
сөздері "жер" дегенді
білдіреді).*

ОҒЫЗ қаған, Таргитай, Алп
Тоңға - оҒЫЗ халқының
қалыптастырған,
дәуірлеткен аты аңызға
айналған хандары



Жорықтары

Оғыз мемлекеті
Еуразияның саяси және
әскери тарихында
маңызды орны болды. 965
жылы олар Киев Русымен
одақтасып хазар
қағанатын талқандайды.
985 жылы оғыз жабғысы
орыс кінәздарымен
бірлесіп Еділ
Булғариясын
талқандады. Осының бәрі
оғыз мемлекетінің саяси
күш-қуаты өсуіне әсер



Мемлекеттің құлауы



10-11 ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті 11 ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер-
қосымшалар -
суреттер Yandex сайтынан

- «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.
- «Қазақстан тарихы» О.Смағұлов, - Алматы. «Ол-Жас» баспасы, 2007.



Назарларыңызға рахмет!!!

